

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ТОРГОВЛИ И ИНТЕГРАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№

город Нур-Султан

**«QazExpoCongress» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңының 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 10.3-тармағының 11) тармақшасына және Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 8 шешіміне сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Дивиденттік саясаты осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамның Басқарма Төрағасы осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

Министр

Б. Сұлтанов

**«QazExpoCongress» Ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
Дивиденттік саясаты**

1. Жалпы ережелер

1. «QazExpoCongress» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының дивиденттік саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, «QazExpoCongress» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және таза кірісті бөлу және дивидендтер төлеуге жіберілетін оның бөлігін айқындау тәртібін, оның ішінде оларды төлеу мерзімдерін, орнын және нысанын белгілейді.

2. Дивиденттік саясат акционердің активтерін ұлғайту және Қоғамды капиталдандырудың өсуін қамтамасыз ету бойынша Қоғамның әдеттегі жалпы міндеттерін де, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерге негізделген нақты міндеттерін де тұжырымдайды.

3. Дивиденттік саясат Қоғам акционеріне оның қоғамды басқаруға қатысуына байланысты құқықтарын, оның ішінде дивидендтер алу және Қоғамның таза табысын бөлуге қатысу құқықтарын жүзеге асырудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз ету құралдарының бірі болып табылады.

4. Қоғамның дивиденттік саясаты Қоғамның және оның акционерінің дивидендтер төлемдерінің мөлшерін айқындау кезіндегі мүдделерінің теңгеріміне, Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыруға, акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және оның ішкі құжаттарында көзделген құқықтарын қатаң сақтауға негізделеді.

5. Осы дивиденттік саясатта пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

1) дивидендтерді төлеу - дивидендтерді алуға құқығы бар акционердің банк шотына тиісті сомаларды аудару;

2) дивиденд - Жалғыз акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша, оның қаржылық есептілігіне сәйкес Қоғамның таза табысының (қорытынды

пайдасының) бір бөлігін құрайтын және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Қоғам төлейтін кірісі;

3) Жалғыз акционер - Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі атынан Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын және акционерлік қоғамдар туралы заңнамада акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретінде мемлекеттің мүдделерін білдіретін Қазақстан Республикасының Үкіметі;

4) ХҚЕС - Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының қоры бекіткен халықаралық қаржылық есептілік стандарттары;

5) дивидендтерді төлеу (жариялау) туралы шешім - Жалғыз акционердің қаржы жылының нәтижелері бойынша қабылданатын дивидендтерді төлеуді жүзеге асыру шешімі;

6) дивидендтерді төлеу мерзімі - дивидендтер төлеу жөніндегі міндеттемені орындау күні немесе дивидендтер төлеу жөніндегі міндеттеме орындалуға тиіс уақыт кезеңі;

7) дивидендтер төлеу нысаны - дивидендтер алуға құқығы бар акционерге берілуге жататын Қоғамның ақшасы;

8) таза кіріс (қорытынды пайда) - барлық шығыстар мен салықтар шегерілгеннен кейінгі Қоғамның қаржылық есептілігіне сәйкес кіріс.

2. Дивидендтер туралы негізгі ережелер

6. Дивидендтерді төлеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, осы Дивидендтік саясатпен, сондай-ақ Жалғыз акционердің тиісті шешімдерімен регламенттеледі.

7. Қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау Жалғыз акционердің міндеті емес, құқығы болып табылады. Жалғыз акционер дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

8. Жарияланған дивидендтерді төлеу Қоғамның міндеті болып табылады. Қоғам дивидендтерді алуға құқығы бар акционердің алдында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы міндетті орындамағаны үшін жауапты болады.

3. Дивидендтік саясаттың мақсаттары мен негізгі қағидалары

9. Қоғамның дивидендтік саясатының негізгі мақсаттары:

1) Жалғыз акционердің активтерін ұлғайту және Қоғамның капиталдануының өсуін қамтамасыз ету;

2) дивидендтердің мөлшерін айқындаудың және оларды төлеудің ашық, түсінікті және Жалғыз акционерге қолжетімді тетігін белгілеу;

3) дивидендтерді төлеу үшін жағдайлардың бар екендігі туралы және оларды төлеу тәртібі туралы нақты түсінікті қалыптастыру үшін Жалғыз акционерге жеткілікті ақпарат беру;

4) дивидендтер төлеу кезінде Жалғыз акционерді Қоғамның қаржылық жағдайына қатысты жаңылыстыру мүмкіндігін болғызбау;

5) дивидендтерді алу кезінде ақталмаған қиындықтармен ұштаспайтын оларды төлеу тәртібін қамтамасыз ету.

10. Қоғамның дивидендтік саясатының негізгі қағидалары:

1) Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау;

2) ұйымның ұзақ мерзімді құнын ұлғайту;

3) ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;

4) ұйымның қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, ұйымның қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету;

5) дивидендтердің мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығы;

6) Жалғыз акционердің қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді (ұйымды дамыту) мүдделерінің теңгерімділігі.

4. Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары

11. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған кезде Жалғыз акционер оларды төлеу шарттарын негізге алады, сондай-ақ есепті қаржы кезеңі үшін алынған таза пайданың мөлшерін және Қоғам қызметін дамыту қажеттіліктерін ескереді.

12. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу шарттары:

1) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша бір жылдағы таза пайдасының болуы;

2) дивидендтерді есептеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулердің болмауы;

3) Қоғамда дивидендтерді есептеу және төлеу тәртібінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуі;

4) Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерінің сақталуы;

5) Қоғамның қаржылық және материалдық-техникалық жай-күйінің талап етілетін деңгейін ұстап тұру, оның даму перспективаларын қамтамасыз ету;

6) Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыру қажеттілігі;

7) Қоғамның Директорлар кеңесінің дивидендтердің мөлшері туралы ұсынысы;

8) Жалғыз акционердің шешімі.

5. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі

13. Дивидендтер ХҚЕС-қа сәйкес жасалған оның қаржылық есептілігі негізінде айқындалатын Қоғамның таза табысынан (қорытынды пайдасынан) төленеді.

14. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам басқармасының ұсынысы негізінде Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстар береді.

15. Дивидендтерді төлеу мөлшері мен мерзімдері туралы түпкілікті шешім Жалғыз Акционердің шешімімен белгіленеді.

16. Қоғамның Директорлар кеңесі дивидендтің (бір қарапайым акцияға шаққандағы) мөлшері туралы ұсынысты дайындау кезінде дивидендтер төлеуге жіберілетін сома 2019 жылдың қорытындылары бойынша таза кіріс сомасының 100 (жүз) пайызына дейін, ал 2020 жылдың және одан кейінгі жылдардың қорытындылары бойынша шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген таза кіріс сомасының кемінде 70 (жетпіс) пайызы мөлшерінде болуын, ал еншілес ұйымы (еншілес ұйымдары) болмаған жағдайда, шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті негізге алады.

17. Бір қарапайым акцияға арналған дивидендтің мөлшері Қоғамның қарапайым акцияларының санына бөлінген қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеуге жіберілетін таза кіріс сомасы негізге алына отырып айқындалады.

18. Бір қарапайым акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі және математикалық ережелерге сәйкес теңгеге дейін дөңгелектенеді.

6. Таза табысты пайдалану тәртібі

19. Салықтарды төлегеннен кейін Қоғамның таза табысының бір бөлігі Жалғыз акционерге дивидендтер төлеуге жіберіледі, Қоғамның таза табысының қалған бөлігі Қоғамның иелігінде қалады.

7. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау тәртібі

20. Осы Дивидендтік саясаттың 12-тармағында көзделген шарттар болған кезде, дивидендтер төлеу туралы шешім келесі тәртіппен қабылданады:

1) тиісті есепті кезеңнің нәтижелері бойынша дивидендтер төлеу мүмкіндігі туралы мәселені Қоғам басқармасы алынған қаржылық нәтижелер мен алынған пайданы бөлу жөніндегі қолда бар ұсыныстарды негізге ала отырып, алдын ала қарайды;

2) Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам басқармасының ұсынысы негізінде пайданы бөлудің негізгі бағыттарын қарайды және дивидендтер төлеуге бағыттауды ұсынатын пайданың бөлігін айқындайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі өз шешімін қабылдау кезінде осы Дивидендтік саясаттың 5-бөлімін басшылыққа алады;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің қаржы жылының нәтижелері бойынша қарапайым акциялар бойынша төленетін дивидендтің мөлшері және оны төлеу тәртібі жөніндегі ұсыныстары хаттамамен (сырттай отырыстың шешімімен) ресімделеді, оның үзінді көшірмесі (шешімнің көшірмесі) қоғамның акционеріне заңнамаға сәйкес оның түпкілікті шешім қабылдауы үшін қол жетімді болуы тиіс;

4) Заңнамада және Қоғам жарғысында белгіленген тәртіппен Жалғыз акционер:

- өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза пайдасын бөлу тәртібі туралы шешім қабылдайды;

- Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтайды.

21. Дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау туралы ақпарат дивидендтерді төлеу үшін жағдайлардың болуы және оларды төлеу тәртібі туралы нақты ұсынысты қалыптастыру үшін жеткілікті болуға тиіс.

22. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

1) Қамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;

2) дивидендтер төленетін кезең;

3) бір қарапайым акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;

4) дивидендтер төлеудің басталу күні;

5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

8. Дивидендтер төлеуді шектеу

23. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау (жариялау) кезінде Қоғам Акционерлік қоғамдар туралы заңнамада белгіленген шектеулерді басшылыққа алады.

24. Орналастырылмаған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғамның Жалғыз акционері оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

25. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді, егер:

1) өз капиталының теріс мөлшері кезінде немесе Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) Қоғам Қазақстан Республикасының Банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не

аталған белгілер Қоғамда дивидендтерді оның акциялары бойынша есептеу нәтижесінде пайда болса.

9. Дивидендтер төлеудің тәртібі мен түрі

26. Жыл қорытындылары бойынша дивидендтер дивидендтерді есептеу туралы шешім қабылданған кезде Жалғыз акционер белгілеген мерзімде төленеді.

Егер дивидендтерді төлеу мерзімінің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе, одан кейінгі жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып есептеледі.

Қоғам дивидендтерді төлеу жөніндегі міндеттемені дивидендтерді төлеу мерзімі ішінде кез келген күні мерзімінен бұрын орындауға құқылы.

27. Жалғыз акционердің дивидендтерді төлеу (жариялау) туралы шешімі болмаған кезде, Қоғамның дивидендтер төлеуге, ал акционердің оларды төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

28. Дивидендтер төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін нысанда жүргізіледі. Дивидендтерді төлеудің басым түрі ақшалай нысанда төлеу болып табылады.

29. Төленетін дивидендтерге салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

30. Акционерге дивидендтер олардан ұсталған салықтардың және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндетті төлемдердің сомалары шегеріле отырып төленеді.

10. Дивидендтік саясат туралы ақпаратты ашу

31. Жалғыз акционер және басқа да мүдделі тұлғалар осы Дивидендтік саясатпен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, сондай-ақ Қоғамның www.qazexprocongress.kz. корпоративтік веб-сайтында таныса алады.

32. Акционерге шешім қабылдау үшін ұсынылатын материалдардың құрамында дивидендтер төлеу үшін қажетті шарттардың бар немесе жоқ екенін куәландыратын ақпарат болуға тиіс.

11. Дивидендтердің уақтылы төленуі үшін жауапкершілік

33. Қоғам акциялар бойынша жарияланған дивидендтерді төлеуге міндетті. Жалғыз акционер, егер Қоғам аталған міндетті уақтылы орындамаса, жарияланған дивидендтерді сот тәртібімен төлеуді талап етуге құқылы.

34. Жалғыз акционер Қоғам берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

35. Дивидендтердің уақтылы төленуіне Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның жарғысына сәйкес Қоғам басқармасы жауапты болады.

36. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

12.Қорытынды ережелер

37. Дивидендтік саясатты бекіту туралы шешімді, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Жалғыз акционер қабылдайды.

38. Осы Дивидендтік саясат оны Жалғыз акционер бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

39. Егер осы Дивидендтік саясаттың жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келсе, бұл тармақтар күшін жояды және осы тармақтармен реттелетін мәселелер бөлігінде осы Дивидендтік саясатқа тиісті өзгерістер енгізілген кезге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғам Жарғысының нормаларын басшылыққа алған жөн.

40. Егер Жалғыз акционерге дивидендтер төлеуге байланысты қандай да бір мәселелер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларымен, Қазақстан Республикасының басқа да құқықтық актілерімен, Қоғамның Жарғысымен және осы Дивидендтік саясатпен реттелмеген болса, онда олар Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігі негізге алына отырып шешілуі тиіс.